# ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ!

**Жуырда Тараз қаласында Қазақстан Республикасының шеберлер арасында дзюдодан Республикалық ашық турнирі өтті. Турнирде еліміздің 15 облысынан және Қырғызстан мен Өзбекстан елдерінен барлығы 250 спортшы күш сынасты. Байрақты бәсекеде еліміздің намысын қорғап барған жерлестеріміз жүлделі оралды.**

Атап айтсақ, ауданымыздан Шоланов Дидар 100 кг, Манабаев Болат 81 кг және Омаров Ерсайын 60 кг салмақта І орынды жеңіп алды.

Талай боз кілемнің шаңын қаққан білекті палуандарымызды жеңістерімен құттықтаймыз!

**Өз тілшімізден.**



Шет шұғыласы, 2022. - 14 сәуір (№15). - 4 б.